

2 Қойгелді М. Сыны мен сыры үйлесімді Түркия // Егемен Қазақстан. – 2006. 4 қараша.

3 Мендикулова Г. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы: Ғалым, 1997.

4 Дәулетов Т. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының шежіресі (20.11.1992–29.07.2002 жж.). – А., 2002.–12 б.

5 Мамашев Т. Әлемде қанша қазақ бар? // Таңшолпан.–2009. – № 5. – 120–162 б.

6 Найманбай К. Қазақ диаспорасы және қауымдастық // Егемен Қазақстан. – 2004 ж. 22 маусым. – 4 б.

7 Оралтай Х. Елім- айлап өткен өмір.– Алматы: Білім, 2005.–500 б.

Резюме

В статье рассматриваются причины переселения казахов в Турцию, а именно раскрываются политические и экономические аспекты данной проблемы. Кроме того, автор показывает сложившиеся условия жизни казахов в Турции в рассматриваемый период.

Conclusion

The article considers the reasons for migration of Kazakhs Turkey, namely the expanded political and economic aspects of the problem. In addition, the author demonstrates current conditions of life of the Kazakhs in Turkey during the period.

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Елкей Н.Н.

Қазақ тарихындағы *көшпенділер* өмірі мен тұрмысында *жылқының* алатын орны ерекше. Өз иесінің сенімді серігі ретінде – жылқы көптеген жүз жылдықтардың небір қилы ауыртпалығы мен қиындықтарын бастан кешіргендігі ақиқат. Осынау шексіз ұланғайыр кең жерді, Ұлы даланы аман сақтап қалды. Сондықтан шексіз кең жазиралы жерге ие болып қалу үшін ата-бабаларымызға тек ерлік пен шыдамдылық қана емес, сенімді әрі төзімді жылқының да керегі болды. Сол көшпенділер заманында жылқы малы қоғамымызда орасан зор рөл атқарды. Небір кескілескен шайқастарда қас батырларымыз – *Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Ер Тарғынның текті Тарланы* сол кездері иесіне серік болып, тосыннан тиген жау тұзағына түсірмей құтқарғандығы ел есінде жаттаулы, тарих беттерінде жазулы. Алдарыңыздағы шағын мақаланың мақсаты дәстүрлі қазақтың жылқы шаруашылығына жалпы шолу жасау.

Қазақ халқының тарихы – жылқы тұяғы, ат жалында жасалған тарих. Көшпенділер жылқы арқылы әлемге танылды. Өз өркениетін қалыптастырды. Орта Азиядан шығып Еуропа, Египетке дейін барды. Жылқы – қоғамның қозғаушы күші болды. Атқа мінген адамның жүрісі озық, қолы ұзын. Ол кездердегі жылқысы бар елді – атам қаруы бар елмен бірдей деуге болатын еді. Біздің адамзат өркениетіне қосқан үлесіміз – жылқыны қолға

үйретуіміз, қуатты тамақ көзіне айналдырғанымыз еді [1, 6].

Ғалымдар археологиялық қазба жұмыстарында бес жарым мың жыл бұрын жылқының бірінші рет қазақ жерінде үй шаруашылығына бейімделгеніне дәлел тауып отыр. Бұған дейін халықаралық археологиялық қауымдастық бұл үдеріс бір мың жыл кейін басталған деп есептеп келген еді. Археологтар ұзақ уақыт бойы жалпы жылқылар алғаш рет үй шаруашылығына қола дәуірінде бейімделген дегенге сенімді болып келген.

Осы орайда жылқы қазақ даласына қалай келді, кімдер үйретті? – деген сұрақ тууы мүмкін. Оған жауап ретінде өткен ғасырдың 1980-ші жылдарында Көкшетау облысы, Ботай қонысына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде (б.з.д. IV мың жылдықтың аяғы – III мың жылдықтың бас кезінде) энеолит дәуірінде пайда болған ежелгі жылқышылар мекені әлемдік маңызы бар археологиялық нысан бола алады. Бұл жерден табылған орасан зор сүйектердің қолда ұсталған, әрі қолда үйретілген жылқылардікі екені анықталды. Мәселен, жабайы жылқылардың сүйектері табиғат апатынан немесе ауру мен жаппай індет шалған жылқы табындарынан өлгендерінің сүйектері шашылып, әр жерден біреуі, әрі кеткенде он шақтысы бір жерден табылатын мысалдар белгілі [2, 7]. Осы тұрғыдан алғанда Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы белгілі археолог В. Зайберт былай деп тұжы-

рым жасайды: «Еще одним доказательством одомашненности Ботайской лошади является факт массового нахождения костей одного вида на поселении» [3, 283]. Жылқы сүйектерінің көптігі соншалық, ботайлықтар сүйектерді құрылыс материалы ретінде үй-баспана, қорақопсылардың қабырғасын бекіту үшін пайдаланған.

Шетелдік ғалымдардың арасында Американың жылқы тарихы институтының директоры Дэвид Энтонидің Ботай жылқыларының тістеріндегі ауыздықтың іздерін анықтауға арналған әдістемесін, ағылшын ғалымы Алан Отрамның қыш ыдыстардағы бие сүтінің жұғындарын тапқан жаңалықтарын айтуға болады. Демек, ботайлықтар жылқыны қолға үйретіп мініске пайдаланып қана қоймай бие сауып, қымыз дайындап, оны күнделікті асы ретінде пайдаланған нағыз жылқышылар болған [2, 8].

Шындығында да қазақ жылқысының жинақталған образы уақыт өткен сайын жаңғыра түскендей. Бұған Қостанай (Алексеевка с.), Қарағанды (Талды өзенінің жағасы), Батыс Қазақстан (Прохоровка п.) және республиканың басқа да облыстары аумағында археологтар әр жылдары тапқан жылқы қаңқалары куә. Көне суретшілер Алатау, Қаратау, Ұлытау тағы басқа өңірлердің жартастарында сенімді серік – Қазанатты (қазақ жылқысының жинақталған образы) сүйіспеншілікпен сала білді. Тау суреттері көп жағдайда қазақ жылқысының көне аталарының ерекшеліктерін дәл әрі бұлжытпай беріп жатады.

Қазанаттар бұрын қандай болғанын талантты археолог Зейнолла Самашев ашқан **Берел қазбасы** жеткізді. Мәңгілік мұзды өңірлерде қатып қалған аттар да осыны растайды.

Айта кету керек, Ұлы дала сақтар мен ғұндар ұрпағы – түркі тілдес халыққа ғана емес мал басы санының көптігімен де әйгілі болған. Жылқыны жанындай жақсы көретін мамандар оның саны қазақ халқының демографиялық жағдайымен байланысты екенін атап көрсетеді. Қазақ саны күрт қысқарған жұт жылдары қазақы тұқымдас жылқылардың да басы азайған. Мысалы, Тоқтамыс хан кезінде жылқы саны 10 миллионға жетсе, Ресей патшалығының өкілдері жүргізген санақ бойынша 1916 жылы қазақ даласындағы жылқы саны 4,6 миллионды құраған.

30-жылдары Ф. Голощекин, республика басшылығы мақсатты түрде бастама білдірген «Кіші Октябрь» кезінде жылқы саны 150 мың-

ға дейін құлдыраған. Осылайша кремль баскесерлерінің геноцидінен қазақ ұлтының үздік өкілдері ғана емес, қазанаттың асыл тектері де зардап шекті.

Ұлы Отан соғысынан кейін ондаған жылдар өткен соң республикада жылқы шаруашылығы қалпына келе бастады. Бұған Д.А. Қонаев және республиканың басқа да басшылары көп еңбек сіңірді.

1980 жылдардың басында Қазақстанда 1777 мың жылқы болды. Республика егемендік алғаннан кейін мемлекеттік құрылымның жылқы шаруашылығын дамытуға қатынасы өзгере бастады. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жылқы шаруашылығы саласына баса назар аударып отырғаны осыны көрсетеді [4, 9-10].

Жылқы малы Дүниежүзінің біраз жерінде өсіріледі, көптеген елдер бұл түлікті жоғары құрметтейді. Соңғы жылдардағы статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, жер шарындағы жылқы саны 65 миллионды құрайды. Оның ішінде: АҚШ-та – 12 миллиондай, Қытайда – 8 млн., Мексикада – 6 млн., Бразилияда – 5 млн., Аргентинада – 3 млн., Монғолияда – 2 млн., Ресейде – 2 млн., ал Қазақстанда – 1,3 млн. жылқы өсіріледі [5, 5].

Қазақстанда жылқы шаруашылығы – мал шаруашылығының ішіндегі дәстүрлі және көп сырлы салалардың бірі. Жылқының еті, қымызы, сондай-ақ, қазы-қартасы, жал-жаясы – халықтың сүйікті тағамы. Бұл саладан өндірілетін былғары бұйымдарына, вакцина және қан сарысуын (сыворотка) жасауға кеңінен пайдаланылады. Халықаралық көрмелерде де жылқыға деген талап артып отыр.

Еліміздің ерте кезден-ақ жылқы тұқымымен даңқы шыққан. Қазақ жылқыларының төзімділігі, сыртқы орта жағдайына көнбестілігімен, жыл бойы үйірде болуға бейімділігімен ерекше көзге түскен. Өсіресе, республиканың шөл және шөлейт аймағында және таулы жайылымдардағы аудандарда жылқы өсіру тиімді. Мұндай жайылымдарға малдың басқа түріне қарағанда үйірлі жылқылар жақсы жайыла алады. Жылқы шаруашылығының дамуы, олардан алынатын өнімнің молаюы, өсірілетін жылқының тұқымдық сапасының жетілдіруіне байланысты.

Қазақстанның кең байтақ жерінде жылқының жоғарғы өнімді 17 тұқымы өсіріледі. Олардың ішінде республикамыздың өзінде шығарылған салт мінілетін-жегілетін **қостанай жылқысы** (1951 ж.) және ет-сүт бағытын-

дағы *көшім* (1976 ж.) және жаңадан шығарылған *мұғалджар* (1998 ж.) жылқы тұқымдары бүкіл елімізге мәлім [6, 8-9 б.].

Сонымен қатар, өнімді жылқы шаруашылығының негізі – жылқы еті мен сүтін өндіру. Жылқының еті түрлі ауруларға ем екендігі тәжірибе жүзінде нақтыланған. Оның сары аурудан әлсіреген бауырды қалпына келтіруге, ал ішкі майы үсікте және суық тигенде, бал қосылған қымыз жөтелге, көкірек ауруына, қан аздығына, асқазан ауруларына бірден-бір ем екендігі белгілі.

Көшпелі қазақ халқының ертеден тұтынып келе жатқан сусындарының бірі – қымыз. Ол биенің саумал сүтіне ашытқы қосып, ерекше технология бойынша ашыту арқылы әзірленеді. Қымыздың қадір-қасиетін соңғы жылдары Батыс Еуропа елдері түсініп келе жатыр. Атап айтсақ, Германия елінде бие сүті дәрі-дәрмек өнеркәсіптік орындарында кеңінен қолданылуда. Сондықтан да аталған елде қымыздың пайдасы жөнінде түрлі баспасөз беттерінде жазылып жүр.

Осы тұрғыдан алғанда, еш жасыратыны жоқ, қымыз – денсаулық пен ұзақ өмір сүрудің басты кепілі. Жылқы сүті адам денсаулығы үшін биологиялық жағынан сиыр сүтіне қарағанда барынша толыққанды азық болып табылады. Оның құрамында белок пен май аз, бірақ қанттың молдығымен ерекшеленеді. Қымыз В тобындағы А, Е, F, Р витаминдеріне өте бай. Бір ғана витамині (аскорбин қышқылы) бір литр қымызда 70-тен 120 миллиграмға дейін болады [7, 19-20 б.].

Сонымен қорыта айтқанда, жылқының қадір-қасиеті ұшан-теңіз. Ол – мінсең көлігің, жесең тамағың, ішсең сусының, кесең киімің. Сондықтан бұл киелі түлік қазақ халқының бағына жаралған секілді. Қазақ пен оның кең даласы жылқы үшін жаралған сияқты. Бірінсіз-бірінің күні де, сәні де, мәні де жоқ па деп ойлаймын.

Атты артық көрген елміз мінген тақтан,
Жылқыға жетпеген көз жаутаң қаққан.

Мінсең ат, ішсең қымыз, жесең қазы,

Қашанда қазақ халқы жылқы баққан, –
деп жырлайды қазақ жырының құлагері Илияс

Жансүгіров. Сонымен қатар, қазақ өзінің бауыр етінен жаралған баласын жақсы көргенде «құлыным» деп еркелететіні белгілі. Қазақ бата бергенде де: «Атың арымасын, тоның тозбасын, қадірің қашпасын» – дейді. Қалай десек те, қазақты атсыз, ал атты қазақсыз елестету мүмкін емес. Өйткені, қазақ өзі аттан, қазаны оттан түспеген Ұлы халық қой. Сондықтан жылқы жөніндегі әңгімеміз осыменен таусылмайды. Келесі жарияланатын мақалада жылқының қазіргі таңдағы жай-күйі төңірегінде сөз өрбітпекпіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Тоқтабай А. Желден жүйрік жануар // Егемен Қазақстан газеті. 13 шілде 2011 ж.
- 2 Тоқтабай А. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі жылқы феномені: Автореф. – Алматы, 2010. – 52 б.
- 3 Зайберт В.Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. – Петропавловск, 1993. – 244 с.
- 4 Самашев З. Қазақстандағы жылқы шаруашылығы және ат спортын дамыту // Замана желімен жарысқан: Қазанат атты журнал. – 2007. – № 1.
- 5 Нурушев М.Ж. Адаевская лошадь. – 2005. – 384 с.
- 6 Әкімбеков Б.Р., Мүслімов Б.М., Әкімбеков А.Р., Дәленов Ш.Д. Жылқы шаруашылығы. – Қостанай: «Қостанайполиграфия», 2007. – 256б.
- 7 Есенбаев М. Ашыған кең сабада алтын қымыз // Маңмаңкер журналы. – 1999. – № 2.

Резюме

Данная статья рассматривает роль и место коневодства в жизни кочевых казахов. Представлены данные об археологических раскопках и указаны места найденных останков, также охарактеризовано современное положение коневодства в Казахстане.

Conclusion

This article touches upon the role and place of horse breeding in the life of nomadic people. The data about archeological excavations are presented and places of found remains are mentioned, also the modern horse breeding in Kazakhstan is characterized.